

## 2022 жылғы жеңіл өнеркәсіп саласының қорытындылары

Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі 2022 ж. қаңтар-желтоқсанда 177,9 млрд теңгені құрады (2021 ж. 12 аймен салыстырғанда). Өсу барлық ішкі салаларда байқалады: текстиль бұйымдары өндірісі (+35,1%), киім (+18,3%), былғары және оған жататын өнім (+16,6%).

**Текстиль өнімі өндірісінің** өсуі төсек орын жабдығы өндірісінің 2,6 есе,

түкті маталар өндірісінің 70,1%, арқан-жіп, трос бұйымдары өндірісінің 46,4%, жасанды және штапельді талшықтардан жасалған маталар өндірісінің 27,1% және т.б. өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты.

**Киім өндірісінің** өсуі былғары немесе композициялық былғарыдан жасалған киім өндірісінің 6,6 есе, әйелдер мен қыз балаларға арналған жакеттер мен блейзерлер, пиджактар өндірісінің 2,3 есе, жұмысқа арналған әйелдер киімі өндірісінің 2,3 есе, шұлық бұйымдары мен тоқыма аяқ киім өндірісінің 96,8%, ерлер мен ұл балаларға арналған пиджактар мен блейзерлер, жакеттер өндірісінің 79,4%, м/м трикотаж немесе химиялық талшықтан жасалған жұмсақ немесе тік жағалы жеңіл джемперлер мен пуловерлер өндірісінің 78,5% және т.б. өсуі есебінен болды.

**Былғары және оған жататын өнім өндірісінде** ең жоғарғы өсу төмендегі тауарларда болды: спорттық аяқ киімді қоспағанда, үсті тоқыма материалдардан жасалған аяқ киім 49,3 есе, қой, ешкі, шошқа терісінен жасалған былғары 2,7 есе, резеңке үстінгі жағы бар су өткізбейтін аяқ киім 2,5 есе, ірі қара мал терісінен немесе жылқы тұқымдас жануарлардың терісінен жасалған былғары 28% және т.б.

2022 ж. қаңтар-желтоқсан қорытындысы бойынша жеңіл өнеркәсіп өнімін тұтынудың ішкі нарығы 9% отандық өндіріс үлесімен 3 319 млн АҚШ долл. (1 528 млрд теңге) жетті.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісі бойынша Қазақстандық өңірлер арасында көшбасшылар өткен жылмен салыстырғанда өзгермегендігін атап өткен жөн: Шымкент қ. (19,6%), Түркістан облысы (18,2%), Алматы қ. (9,5%), Алматы облысы (6,4%).

Қарастырылған кезеңде жеңіл өнеркәсіп өнімі **экспортының көлемі 89,2 млн АҚШ долл.** құрады (2021 ж. 12 аймен салыстырғанда +9%). Негізгі экспорт тауарлары: 85% және одан артық мақтадан тұратын м/м жібі (7,9 млн АҚШ долл.), полиэтилен немесе полипропиленнен жасалған қаптар мен пакеттер (7,2 млн АҚШ долл.), иленген былғары немесе ІҚМ терісінен жасалған былғары (5,2 млн АҚШ долл.), м/м төсек орын жабдығы (4,6 млн

*АҚШ долл.), синтетикалық талшықтан жасалған маталар (3 млн АҚШ долл.) және т.б.*

Сату арналары жолға қойылған Ресей (63,4%), Қытай (8,4%), Түркия (6,5%) Қазақстан үшін негізгі экспорт нарықтары болды.

ҚР жеңіл өнеркәсібінің **негізгі капиталына инвестициялар көлемі** 2022 жылғы 12 айда **6 690,7 млн теңгені** құрады (*2021 ж. 12 аймен салыстырғанда +4,4%*).

Қарастырылған кезеңдегі инвестицияның өсуіне «Zhanassyl» ЖШС мақта өңдеу зауыты өндірісін (*Түркістан облысы*), «Azala Cotton» ЖШС (*Шымкент қ.*) қоспалы жіп өндірісін, Бал Текстиль ЖШС кілемдер мен тафтингті кілемдер өндірісін (*Шымкент қ.*) іске қосу, «А-Textile» ЖШС тігін фабрикасын ұлғайту (*Ақтөбе облысы*) және т.б. ықпал етті.